



Автор: Боқашбаева Маржан Діқанқызы

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 10-сынып

Бөлім: Бейне контент құру (

Тақырып: Қабаттарды қолдану

Сабақ негізделген оқу мақсаты:	көпқабатты кескіндерді жасауға үйрету Барлық оқушылар: • көпқабатты кескіндерді жасау, белсенді қабат түсінігін біледі. Оқушылардың басым бөлігі: • қабаттар сұхбатын шақыруды, қабаттар ашықтығын баптау тәсілдерін, қабаттарды көруді қосуды, қабатты жоюды, біріктіруді орындай алады Кейбір оқушылар: • жаңа қабат қосуды, кескінді жаңа қабат ретінде ашуды, түс фонын жаңа кескіндерді үшін баптауды, қабаттар сұхбатын шақыруды, қабаттар ашықтығын баптауды орындайды. Оқушылар: Қабаттар- бір-бірінің үстіне салынған кескіндер Негізгі сөздер мен тіркестер: қабат, контурлар, қарындаш, қылқалам, өшіргіш, Аэрограф, Қаламұш, градиент, штамп, жазық құйма бояу Сыныптағы диалог үшін пайдалы тілдік бірліктер: 1. қабаттар дегеніміз не? 2. Қабаттар не үшін қажет? 3. Қабаттармен жұмыс істеу бұйрығын атап шығындар 4. Қандай графикалық пішім кескін фонының айқындылығын көрсете алады? 5. Кескіннің графикалық пішімін қалай өзгертеді? 6. Фонды қалай жояды? Талқылауға арналған тармақтар: Мәтінге фон ретінде суретті орналастырудың алгоритмін сипаттаңдар Жазылым бойынша ұсыныстар: Қабат сөзінің үш тілде аталуын білу
--------------------------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
басталуы: (2мин)	Шаттық шеңберін құру АКТ-да деңгейлік тәжірибелік жұмыстарды дұрыс орындау. Жаңа тақырыпты қорытындылау. Ұйымдастыру. «Ыстық алақан» тренингін (бір-бірінің қолдарын ұстап оң алақандарын бір-бірінің үстіне қойып лебіздерін білдіру) ұйымдастыру Санау арқылы 2 топқа бөлемін Өткен тақырыпты «Фигуралы бесбармақ» әдісі арқылы қайталау	
Өткенді қайталау: (5мин)	Бұл әдісте оқушыларға фигуралы қағаздарға сұрақтар беремін. 1. Нысандармен тағы қандай амалдар орындауға болады? 2. Нысанның бөлігін көшіріп алуға бола ма? 3. Нысандарды топтау не үшін қажет және ол қалай орындалады? 4. Клон дегеніміз не?	Үлестірмелер, оқулық, жұмыс дәптері

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ортасы: (15мин)	Оқушы білгендерін тыңдай отырып, жаңа сабақ тақырыбымен және мақсатымен таныстыру. Ендеше, бүгінгі жаңа сабағымыз «Қабаттар» Жаңа тақырыпты «Ойлан,жұптас,бөліс» әдісі арқылы тақырыпты бөліктерге бөліп, оқуға тапсырмалар беріледі. 1-топ:қабаттар 2-топ: фоннан нысанды бөліп алу Оқушылар жеке оқиды, жұппен талдайды, топпен талқылайды Өзгелерді тыңдай отырып, өз білімін толықтырады. Оқушыларға деңгейлік практикалық тапсырманы орындауға беремін. Компьютердегі тәжірибелік жұмыс Оқулықтағы 96 бет А деңгейі Көбелек жасаңдар В деңгейі Көбелектер тобын жасаңдар С деңгейі Фонның жаңа қабатын жасаңдар Оқушылар дәптерге және компьютерге практикалық тапсырманы орындайды.	Оқулық, интерактивті тақта
Практикалық жұмыс: (10мин)	Оқушыларға деңгейлік практикалық тапсырманы орындауға беремін. Компьютердегі тәжірибелік жұмыс Оқулықтағы 96 бет А деңгейі Көбелек жасаңдар В деңгейі Көбелектер тобын жасаңдар С деңгейі Фонның жаңа қабатын жасаңдар Оқушылар дәптерге және компьютерге практикалық тапсырманы орындайды.	
Сабақты қорытындылау: (5мин)	Оқушыларға оқулықтағы тест тапсырмасын дәптерге орындауға беремін. 97 бет Жауабы: 1-в 2-с 3-в 4-д 5-в	оқулық
Аяқталуы: (5мин)	Критерийлер арқылы өзін-өзі бағалау. Топтық жиынтық бағалау. Үйге тапсырма: §10 Бүгінгі сабағыма «смайлик» әдісі арқылы кері байланыс жасайды.	